

**Маңғыстау облысының кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ № 6**

Ақтау қаласы
КП ғимараты
«Зоот» бағдарламасы

15.12.2020 ж.
сағ. 15:00

Қатысқандар:

Ә.Жанаев – Кеңестің төрағасы, Н.Калишева – Кеңестің хатшысы.

Кеңес мүшелері: Х.Измаилов, Е.Тұрмағамбетов, А.Көшкінбаева,
Қ.Бәйгебаев, Ж.Момынов, Ж.Ахметова, Ж.Масугутова, Р.Нурмуханов,
Т.Есекенова.

Шақыртылғандар: МО прокуратурасының басқарма аға прокуроры
Ж.Қуанова, Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі
басқармасы басшысының орынбасары Г.Төлеуғалиева және бөлім басшысы
А.Ықыласқызы, «КЭМОНТ» АҚ және «Электромонтаж» АҚ өкілдері.

Қатыспағандар:

Кеңес мүшелері: Ж. Маршақұлы, З.Есбергенова, Қ.Сүйеуов.

Шақыртылғандар: Маңғыстау облысының мемлекеттік ішкі аудит
департаменті.

Күн тәртібі

**1. Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі
басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы жөнінде**

(баяндамашы А.Жарылғасов)

1.1. А.Жарылғасовтың баяндамасы назарға алынсын (баяндама қосымша жалғанады)

1.2. Маңғыстау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының заңсыз әрекеті бойынша тиісті шаралар қолдану және басқарма басшысын немесе тікелей жауапты лауазымды тұлғаны жауапкершілікке тарту жөнінде Маңғыстау облысының прокуратурасына хат жолдау;

1.3. Аталған фактілердің алдағы уақытта орын алмауы үшін алдын алу мақсатында Маңғыстау облысы әкіміне ақпараттық хат жолдауды кәсіпкерлер палатасына жүктеуге.

